

Баку қаласындағы босқындар лагеріндегі босқындарға ізгілік көмегін көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 1 қараша N 499-ө

1. Баку қаласындағы босқындар лагеріндегі босқындарға ізгілік көмегін көрсету, он күн мерзім ішінде Әзірбайжан Республикасының Баку қаласына жүк жөнелтуді қамтамасыз ету мақсатында.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі жалпы сомасы 500 (бес жүз) мың теңгеге дәрі-дәрмекті алып жүрушіні, оны жинақтау мен ұшаққа тиеуді қамтамасыз етсін.

Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы:

10 тонна 1 сорт ұнды,

10 тонна 2 сорт ұнды

10 тонна күрішті мемлекеттік ресурстардан босатсын және алып барушы мен оларды ұшаққа тиеуді қамтамасыз етсін.

"Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясы ИЛ-76 ұшағын бөлсін және ізгілік көмегі жүгін Баку қаласының әуежайына жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі ізгілік көмегі жүгіне белгіленген көлем шегінде лицензия беруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті ізгілік көмегі жүктері үшін кеден бажын алмасын.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі ізгілік көмегі жүктерін күтіп алу мен арналған жеріне табыс етуді ұйымдастырсын.

6. Ізгілік көмегін көрсету мен мемлекеттік резервтің орнын толтыру жөніндегі көлік және іссапар шығыстарын қоса алғандағы барлық шығыстар Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше жағдайларды қаржыландыруға арналған резерв қорының есебінен жасалсын.

Ізгілік көмегін көрсету жөніндегі аталған шығыстарды қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше жағдайларды қаржыландыруға арналған резерв қорынан Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне 5500 мың (бес миллион бес жүз мың) теңге бөлінсін.

7.

<*>

Ескерту. 7-тармақ күшін жойды - ҚР Премьер-Министрінің 1996.

11.08. N 508 өкімімен.

R960508_

Премьер-Министрдің
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК